Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**БҰЙРЫҚ**

Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа №6» отдела образования по городу Жанаозен управления образования Мангистауской области

**ПРИКАЗ**

Жаңаөзен қаласы — город Жанаозен

**06.11.2023 жыл № 57-нк**

**І тоқсан қорытындысы бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптармен жұмыс жүргізу туралы**

Қажеттілікке байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023/2024 оқу жылының І тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. І тоқсанда 50% төмен сапа көрсеткен 7 «А,Ә,Б,Г»9 «Ә,В,Ғ, 11 «А» сыныбының білім сапасын арттыруға жан-жақты жұмыс жүргізу пән мұғалімдері мен сынып жетекшісіне міндеттелсін, қадағалау ОІМ Р.Амановаға жүктелсін.
3. 7 «Ә» сыныбымен Lesson study зерттеу сабағы ұйымдастырылсын.

Lesson study зерттеу тобы құрылып құрамы бекітілсін.

Топ мүшелері:

1. Аманова Роза – оқу ісі меңгерушісі
2. Сарсенбаева Камила – бастауыш оқу ісі меңгерушісі
3. Исаева Айжан – бейіндік әдіскер
4. Тұрсынбаева Аққұбаш - мектеп әдіскер
5. Еламанова Динара – физика пәні мұғалімі
6. Түркменбай Темірлан – география пәні мұалімі
7. Атшыбаева Гульфия – биология пәні мұғалімі
8. Байдуллаева Динара – химия пәні мұғалімі

4. Үлгерімі төмен 2 «В,Ғ,Д» сыныптарымен жеке жұмыс жоспарын жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін және қадағалау БОІМ К.Сарсенбаеваға міндеттелсін.
5. Білім сапасында ілгерушілік байқалмаған сыныптармен іс-шара өткізу сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне жүктелсін, бастауыш сыныптарды қадағалау БОІМ К.Сарсенбаеваға, 5-11 сыныптарды қадағалау ОІМ Р.Амановаға міндеттелсін.

Мектеп директорының м.а. A.Исаева

«Бекітемін»

Мектеп басшысы :

Бимагамбетова К.К.

**2023-2024 оқу жылында «№6 жалпы білім беретін мектеп» КММ оқушыларының білім сапасын көтеруге арналған іс-шаралар жоспары**

**Мақсаты:** Мектеп оқушыларының даму және білім алу деңгейін, білім алу дағдысы мен біліктілігін арттыру, оқу процесінің сапасын анықтап, оқушылардың білім білік дағдыларына қажетті коррекция жасап үлгермеушілікті болдырмау

| № | Іс шаралар | түрі | мерзімі | жауапты | Аяқталу нысаны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2023-2024 оқу жылындағы білім сапасын талдау, жаңа оқу жылына кемшіліктерді түзету, білім сапасын арттыру жоспарын жасап, бекіту | жоспар | тамыз | Мектеп директоры | Педагогикалық кеңес шешімі |
| 2 | 2023-2024 оқу жылындағы жеке пәндер бойынша бастапқы білім сапасының байқау сынағының сараптамасын басшылыққа алып әдістемелік көмек көрсетуді, мектептер арасында тәжірибе алмасуларды ұйымдастыру | Қалалық әдістемелік семинарға пән мұғалімдерін қатыстыру | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі | Тәжірибе алмасу |
| 3 | 1-11 сыныптардың білім сапасына талдау, ұсыныстар. Білім сапасы бойынша кемшіліктерді түзету бағытындағы іс- шараларды ұйымдастыру | Өсу мониторингі | Тоқсанына бір рет | БОІМ К.Сарсенбаева ОІМ Р.Аманова | Педкеңес |
| 4 | Оқушылардың білім сапасын қалай көтеруге болады? | коучинг | Қыркүйек | Коуч | Коучинг жоспары |
| 5 | ҰБТ-ның жаңа форматына сай пәндік тақырыптық тапсырмалар қорын жасау және тапсырмаларды қолданып оқушылардың ҰБТ-ге дайындық сапасын арттыру | Презентация | Тамыз | ОІМ Р.Аманова | Педкеңес |
| 6 | Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тұжырымдамалық тұғырлары. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалауға арналған халықаралық салыстырмалы зерттеулерге дайындықты ұйымдастыру (TIMSS, PISA, PIRLS, TALIS ) | Оқыту семинары | қараша | ОІМ Р.Аманова | Әдістемелік кеңес |
| 7 | 11 сыныпты мемлекеттік | Байқау | Жыл | ОІМ К.Сарсенбаева | Мектеп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ге , 9 сыныптарды ББЖМ өткізуге дайындық жұмыстарын жетілдіру, тестілеу орталықтарында мектеп оқушыларымен байқау сынағын өткізіп саралау | сынағын өткізу | бойы | Р.Аманова Пән мұғалімдері | директорының бұйрығы |
| 8 | 2023-2024 оқу жылындағы білім сапасын талдау барысында төмен білім сапасын көрсеткен 2в, ғ, д, 7а,ә,б,г,11а сыныптарын мектепішілік бақылауға қою. | Мектепішілік бақылау | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі | Педкеңес Дир.жан.кеңес |
| 9 | Нашар окитын оқушылармен жүргізілетін сабақтардың сапасын анықтау, кемшіліктерді және оларды шешу жолдарын анықтау | Сауалнама | қараша | Психолог Ж.Ермағанбетова | Әдістемелік кеңес |
| 10 | Оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер, әдістемелер, технологиялар | Оқыту семинары | қараша | Әдіскер А.Тұрсынбаева | Әдістемелік кеңес |
| 11 | 4,9,11 сынып оқушылары үшін негізгі пәндер бойынша тақырыптық мектепішілік бақылауға қою | бақылау | Жыл бойы | Мектеп директоры ОІМ | Педкеңес Дир.жан.кеңес |
| 12 | Оқушыларға берілетін үй тапсырмасының тиімділігін арттыру жолдары | Үй тапсырмасы | наурыз | ОІМ К.Сарсенбаева | Әдістемелік кеңес |
| 13 | Білім сапасын арттыру мақсатында белсенді оқыту тәсілдерін анықтаудағы LESSON STUDY-дің ролі | LESSON STUDY | 9в сынып кестеге сай | Көшбасшы | Желілік қауымдастық отырысы |
| 14 | Оқушылардың жеке шығармашылық қабілетін жетілдіру мақсатында олимпиада, ғылыми жобалар жарысы, бастауыш сынып оқушылары үшін білім сайысы т.б. интеллектуалдық ойындарды ұйымдастырып, оқушыларды қатыстыру | байқаулар | Жыл бойы | ОІМ К.Сарсенбаева Бейіндік әдіскер А.Исаева | Сараптама қорытындысы |
| 15 | «Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану» | Оқыту семинары | қаңтар | ОІМ Р.Аманова | Бағалау критерийлері |
| 16 | Оқыту мен тәрбие беру барысында туындаған мәселелер бойынша ата- аналарға жеке кеңестер беру | Жеке кеңестер | Жыл бойы | Сынып жетекшілер | Жеке кеңес Ата-аналар жиналыстары |
| 17 | Пән мұғалімдерінің өз білім жетілдіру курстарынан өтуін ұйымдастыру | Курстан өту | Кесте бойынша | Әдіскер А.Тұрсынбаева | |

Дайындаған: ОІМ Р.Аманова

«Бекітемін»

Мектеп басшысы:

Бимағамбетова К.К.

## 5-9 сыныптарға арналған ТЖБ кестесі 2023-2024 оқу жылы

| № | уақыты | 5 сынып | 6 сынып | 7 сынып | 8 сынып | 9 сынып |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **20.10** | 1.Қазақ тілі<br>2.Математика<br>3. Қазақстан тарихы | 1.Қазақ тілі<br>2.Математика<br>3. Қазақстан тарихы | 1. орыс тілі<br>2. география<br>3. Қазақстан тарихы | 1. орыс тілі<br>2. география<br>3. Қазақстан тарихы | 1. физика<br>2. орыс тілі<br>3. Дүниежүзі тарихы |
| 2 | **23.10** | 1.қазақ әдебиеті<br>2. орыс тілі<br>3. Дүниежүзі тарихы | 1.қазақ әдебиеті<br>2. орыс тілі<br>3. Дүниежүзі тарихы | 1. Алгебра<br>2 .Қазақ тілі<br>3. физика | 1. Алгебра<br>2 .Қазақ тілі<br>3. физика | 1. химия<br>2 Алгебра<br>3. Қазақстан тарихы |
| 3 | **24.10** | 1. Ағылшын тілі<br>2. Жаратылыстану<br>3.информатика | 1. Ағылшын тілі<br>2. Жаратылыстану<br>3.информатика | 1. биология<br>2. қазақ әдебиеті<br>3. Дүниежүзі тарихы | 1. биология<br>2. қазақ әдебиеті<br>3. Дүниежүзі тарихы | 1. Қазақ тілі<br>2 . геометрия<br>3. география |
| 4 | **26.10** | | | 1. химия<br>2. ағылшын тілі | 1. химия<br>2. ағылшын тілі | 1. қазақ әдебиеті<br>2. биология<br>3.Информатика |
| 5 | **27.10** | | | 1. Информатика<br>2. геометрия | 1. Информатика<br>2. геометрия | 1. ағылшын тілі<br>2.құқық негіздері |

**Ескерту:** ТЖБ –ны өткізу уақыты **40 минут.** ТЖБ тапсырмаларын мұғалімнің өзі дайындайды.

«Бекітемін»

Мектеп басшысы:

Бимагамбетова К.К.

## 10-11 сыныптарға арналған ТЖБ кестесі 2023-2024 оқу жылы

| № | уақыты | **10А сынып ЖМБ** | **10Ә сынып ҚГБ** | **11А сынып ЖМБ** | **11Ә сынып ҚГБ** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **20.10** | 1. Алгебра<br>2. Қазақ тілі<br>3. ағылшын тілі | 1.Қазақ әдебиеті<br>2.орыс тілі<br>3.химия | 1.Қазақ әдебиеті<br>2.орыс тілі<br>3.химия | 1. Алгебра<br>2. Қазақ тілі<br>3. ағылшын тілі |
| 2 | **23.10** | 1. орыс тілі<br>2. Қазақстан тарихы<br>3. Физика | 1.қазақ тілі<br>2.алгебра<br>3.биология | 1.қазақ тілі<br>2.алгебра<br>3.биология | 1. орыс тілі<br>2. Қазақстан тарихы<br>3. Физика |
| 3 | **24.10** | 1. қазақ әдебиеті<br>2. биология<br>3. | 1.Геометрия<br>2.физика<br>3.география | 1.Геометрия<br>2.физика<br>3.география | 1. қазақ әдебиеті<br>2. биология<br>3. |
| 4 | **26.10** | 1.химия<br>2.география<br>3.геометрия | 1.Қазақстан тарихы<br>2.информатика<br>3.Құқық негіздері | 1.Қазақстан тарихы<br>2.информатика<br>3.Құқық негіздері | 1.химия<br>2.география<br>3.геометрия |
| 5 | **27.10** | 1.дүниежүзі тарихы<br>2.құқық негіздері | 1.дүниежүзі тарихы<br>2.шет тілі | 1.дүниежүзі тарихы<br>2.шет тілі | 1.дүниежүзі тарихы<br>2.құқық негіздері |

**Ескерту:** ТЖБ –ны өткізу уақыты **40 минут.** ТЖБ тапсырмаларын мұғалімнің өзі дайындайды.

**Lesson study зерттеу сабағы бойынша рефлексивтік есеп**

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл.

«Ойлау оңай, әрекет қиын, ал ойды әрекетке айналдырған қиынның қиыны» – деп, неміс халқының ақын-жазушысы Иоганн Гете айтқандай, зерттеу сабағын тәжірибеге енгізу барысында, біраз қиындықтар болды, тығырыққа тірелдік. Бірақ «қиын болды» деп ісімізді аяқсыз қалдырмадық. Қиындық туғызған проблеманы бірлесе, ақылдаса отырып шешуге тырыстық. Соның нәтижесінде өткізген зерттеу сабақтарымыз біршама нәтиже берді.

**Lesson study – дің басты мақсаты:** Оқушыларға білім алуға көмектесу;

Топ мүшелерінің кәсіби дамуына ықпал ету.

Зерттеу сабағын жүргізу үшін:

– **L.S. зерттеу тобын құрдық.**

**Топ мүшелері:**

**Аманова Роза**

**Исаева Айжан**

**Турсынбаева Аққұбаш**

**Сарсенбаева Камила**

1.Еламанова Динара- физика

2.Түркменбай Темірлан- география

3.Атшыбаева Гульфия- биология

4.Байдуллаева Динара- химия

– **Зерттейтін сыныпты** таңдауда, пән мұғалімдерімен бірлесе ақылдаса отырып, зерттеуге 7«Ә» сыныбын алдық.

– **Келесі қадам** – осы сыныптағы проблеманы анықтау болды. Осы мақсатта осы сыныпқа сабақтағы проблемаларын Лессон Стади бұрышына жазып, бірнеше проблемалар анықталды. Одан кейін зерттеуші топтың отырысы болды. Бұл отырыста осы бірнеше проблемадан ортақ проблема шығарылды. Ортақ негізгі проблеманы: « Физика, география, биология, химия пәндерінің берілген қосымша мәліметтерді қолдана отырып, ойын тұжырымдай білу» – деп алдық.

– **Зерттелетін пәннің мұғалімімен**, бақыланатын оқушылырды анықтады. Мұнда А оқушысы – сабақты жақсы оқиды, бірақ өзіндегі ақпаратпен бөліспейді. В оқушысы – сабақта үлгерімі ортадан жоғары, мінезі тұйық, бірақ ұқыпты, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Ал С оқушысы – деңгейі төмен, сабаққа қызығушылығы жоқ, сылтау тауып сабақтан қалуға тырысып отыратын оқушы.

– **Физика пәнінің мұғалімі** – Еламанова Д.Д №1 зерттеу сабағының жоспарын талқыладық та, талқылау барысында тағы да ұсыныстар айтылды. Осы ұсыныстарды ескеріп, қайта жоспарладық.

– **Осы соңғы жоспар бойынша** сабақ өтілді, оқушыларға бақылау жүргізілді.

– **Зерттеу сабағының** оқушыларға әсерін білу үшін, бақылаудағы оқушылардан сауалнама алынды.

– **№1 зерттеу сабағыны талдау жүргізілді,** бақылаудағы оқушылардың іс-әрекеті талданып, сабақтың сәтті, сәтсіз тұстарын анықтадық та, сәтсіз тұстары бойынша қайта жоспарлап, зерттелетін 2-ші пән бойынша №2 зерттеу сабағының жоспарын бірлесе құрдық. Әрине, мұнда «оқушы үнін» ескеріп отырдық. Ал оқушыларды бақылауда мұғалімдердің бақылау дағдысы қалыптасқанша бір оқушыны бақылайтын бір бақылаушы болды.

– **Осы қадамдар бойынша** №3 зерттеу сабағын да бірлесе жоспарлап, №2 зерттеу сабағының сәтсіз тұстарын ескеріп, қайта жоспарлап өткіздік.

Жоспарды зерттеу тобында тағы да талқылап, қайта жоспарлап, соңғы жоспар бойынша сабақты өткізілді. Оқушылар бақыланды. Жоспарлағанымыздай оқушылар орнында отырып жауап бергендіктен, оқушыларды қобалжу болмады. Бұл сабақта оқушыларда ой еркіндігі пайда болып, ойларын дұрыс тұжырымдар айтуға тырысты. Мәтінмен жұмыс жасалынды, мазмұндау және мәтіндегі мәліметтерді сәйкестендіру. А оқушысы – жұбымен белсенді жұмыс жасаса, В оқушысында белсенділік байқалды.В оқушысында белсенділік пайда болып, ойын қысылмай еркін айтуға үйренді. Ал С оқушысының сабаққа қызығушылығы оянды. Жалпы, осы төрт сабақты қорытындыласақ, сабақтардан байқағанымыз оқушыға жай ғана мәтінді оқу тапсырмасын беріп қана қоймай, өздігімен қосымша мәліметтерді ізденуін қалыптастыратын әдістерді таңдай білу қажеттігін түсіндік. «Әр бала – жұлдыз» – демекші әр оқушыға өз деңгейінде білім қалыптастыру үшін бір циклмен шектелмей, келесі циклдарды ұйымдастыру қажеттігін түсіндік.

**Сонымен, L.S. зерттеу сабағының тиімділігі:**

· Мұғалімдер арасында кәсіби диалогты қалыптастырып, дамытады.

· Ұжымдық мәдениетті қалыптастырады.

· Мұғалімдердің назарын оқушылардың білім қажеттіліктеріне аударады.

· Бағдарламаны, ғылыми тұжырымдамаларды терең түсінуге көмектеседі.

· Мұғалімдер кәсіби педагогикалық білімін дамытады.

· Мұғалімдер сабақты бақылау және кері байланыс беру дағдыларын қалыптастырады.

· Мұғалімдер білімның ғылыми мағынасына түсінеді және зерттеушілерге айналады.

· Оқушының оқуы жақсарады.

· Қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасады.

Біздің бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Лессон Стади мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білімін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екеніне көз жеткіздік. Оқушы сабақты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді әдісті анықтау арқылы жетістіккке жетуге болатынын түсіндік.

Лессон Стади оқушыға саналы білім беруді көздеген, бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы деп айтсақ, артық айтпаған болар едік.

*07.11.23ж* ***- Сабақ жоспарын құру.***

*14.11.23ж* ***-Зерттеу сабағын талқылау.***

*21.11.23ж* ***-Сабақтың жоспарын талқылау.***

*28.11.23ж* ***-Зерттеу сабақтарын өткізу.***

**Топ мүшелері:**

**Аманова Роза**

**Исаева Айжан**

**Турсынбаева Аққұбаш**

**Сарсенбаева Камила**

1.Еламанова Динара- физика

2.Түркменбай Темірлан- география

3.Атшыбаева Гульфия- биология

4.Байдуллаева Динара- химия

**А-деңгейі** Қарақойлы Ерболат

**В- деңгейі** Горький Милат

**С- деңгейі** Ерназар Рахман

**Тақырыбы:** Топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы физика, география, биология, химия сабақтарында оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге, ынтымақтастық ортасын құруға қалай әсер етеміз?

**Мақсаты:** физика, география, биология, химия сабақтарында топтық жұмысты тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге дағдыландыру, ынтымақтастық ортасын құру

| № | | 1- сабақ | 2-сабақ | 3-сабақ | 4-сабақ |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Графиктік бақылау мұғалім** | Роза | Аққұбаш | Айжан | Роза |

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**БҰЙРЫҚ**

Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа №6» отдела образования по городу Жанаозен управления образования Мангистауской области

**ПРИКАЗ**

Жаңаөзен қаласы — город Жанаозен

18.01.2024 жыл   № 98-нк

**II тоқсан қорытындысы бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптармен жұмыс жүргізу туралы**

Қажеттілікке байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023/2024 оқу жылының II тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. I тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы төмендеген 2 «А» 8 «В», 11 «Ә» сыныптарының білім сапасын арттыруға жан-жақты жұмыс жүргізу пән мұғалімдері мен сынып жетекшісіне міндеттелсін, қадағалау ОІМ Р.Амановаға,БОІМ К.Сарсенбаеваға тапсырылсын.
3. Сыныптармен төмен сапа көрсету себептеріне байланысты мектепішілік педагогикалық басқосулар,семинар,тренингтер өткізу мектеп әдіскері А.Тұрсынбаеваға міндеттелсін.
4. Бітіруші 11 «А,Ә» сыныптарымен жұмысты жан-жақты тексерум мектеп әкімшілігіне міндеттелсін.

Мектеп директоры          К.Бимағамбетова.

«Бекітемін»

Мектеп басшысы: Бимагамбетова К.К.

**2023-2024 оқу жылының I ж/ж білім сапасы төмен сыныптармен жүргізілетін іс-шаралар жоспары**

**Мақсаты:**

1.Қабілеті төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу,сабаққа қызығушылығын арттыру,ынталандыру;

2. Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамыту

| № | Іс-шараның атауы | сыныбы | Өткізу мерзімі | Өтетін орны | жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сайыс сабақтары** | | | | |
| 1 | Мәнерлеп оқу сайысы (қазақ әдебиеті) | 2а,8в,11ә | 06.03.24 | 202 каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |
| 2 | Кім көп біледі? (Қазақстан тарихы) | 8в,11ә | 31.01.24 | физика каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |
| 3 | «Жүзден жүйрік» сайысы (биология) | 8в,11ә | 05.02.24 | Хим. каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |
| | **Интеллектуалдық ойындар** | | | | |
| 4 | «Тапқыр болсаң ,озып көр» (география) | 8в,11ә | 14.02.24 | физ каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |
| 5 | Математикалық интеллектуалдық сайыс (математика) | 2а,8в,11ә | 27.02.24 | Физ. каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |
| 6 | Ойлан!Тап! (химия) | 8в,11ә | 12.03.24 | хим каб | Бейіндік әдіскер А.Исаева Сынып жетекшілер Пән мұғалімі |

Дайындаған:ОІМ Р.Д.Аманова

Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№6 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Б Ұ Й Р Ы Қ**

Коммунального государственного учреждения «Общеобразовательная школа №6» отдела образования по городу Жанаозен управления образования Мангистауской области

**П Р И К А З**

Жанаозен қаласы — город Жанаозен

**18.01.2024 жыл № 98-нқ**

**III тоқсан қорытындысы бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптармен жұмыс жүргізу туралы**

Қажеттілікке байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023/2024 оқу жылының III тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. II тоқсанмен салыстырғанда білім сапасы төмендеген 3«Г» 6 «А,Ә,Г», 7 «Б,В,Ғ» 11 «А» сыныпттарының білім сапасын арттыруға жан-жақты жұмыс жүргізу пән мұғалімдері мен сынып жетекшісіне міндеттелсін, қадағалау ОІМ Р.Амановаға,БОІМ К.Сарсенбаеваға тапсырылсын.
3. 3 «Г» сыныбы бойынша математика, жаратылыстану пәндері БОІМ К.Сарсенбаеваға 7б,в,ғ сыныптары бойынша математика, география пәндері ОІМ С.Сатеноваға, 11а сыныбы бойынша география, Қазақстан тарихы пәндері ОІМ Р.Амановаға міндеттелсін.
4. Биология пәнінен білім сапасы төменденген 7б,в 8в сынып оқушыларының біліміндегі олқылықтарды анықтау мақсатында пән мұғалімі Г.Атшыбаеваның сабақтарына қатысып , сынама жұмыстарын жүргізу мектеп әдіскері А.Тұрсынбаеваға мен ОІМ Р.Амановаға жүктелсін.

**Мектеп директорының** **К.Бимағамбетова.**

«Бекітемін»
Мектеп басшысы:
Бимағамбетова К.К.

**III тоқсан қорытындысы бойынша төмен сапа көрсеткен сыныптармен жұмыс барысында алынатын іс - шаралар**

| № | Іс-шаралар | Аяқтау формасы | Мерзімі | Орындаушы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | III тоқсанда төмен сапа көрсеткен сыныптардың білім сапасын арттыру мақсатында бұйрық шығару | Мектеп басшысының бұйрығы | 2024 жылы 9 сәуір | ОІМ Аманова Р БОІМ Сарсенбаева К |
| 2 | Сыныптағы үлгерімі нашар оқушылармен оқу жоспарын жасақтау | Мектеп басшысының бұйрығы | 2022 жыл 1 сәуір | Пән мұғалімдері |
| 3 | Төмен сапа көрсеткен негізгі пәндер бойынша сабақтың берілісін тексеру | Сабаққа қатысу | Сәуір айы | Мектеп әкімшілігі |
| 4 | Сынақ тестілерін алу | Аптасына 1 рет | Апта сайын | Пән мұғалімдері |
| 5 | Ай сайын өткізілген тест қорытындыларының көрсеткіштеріне мониторинг жасау. | Мониторинг | Апта сайын | ОІМ, Сынып жетекші |
| 6 | Сыныппен психологиялық тренингтер өткізу,үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу | Аптасына 1 рет | Апта сайын | Мектеп психологы |
| 7 | Үлгерімі нашар оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарға қатыстыру | Сыныптан тыс сабақ | үнемі | Сынып жетекшілер |
| 8 | Ата-аналармен сыныптың білім сапасы туралы жиналыс өткізу. | Жиналыс хаттамасы | Айына бір рет | Мектеп басшысы, сынып жетекшілер,пән мұғалімдері |
| 9 | Нәтижелер мониторингі | Айына бір рет | | ОІМ Аманова Р БОІМ Сарсенбаева К |

Дайындаған: ОІМАманова Р.Ж.